

Педагог мамандығының құндылығы

Қазіргі әлемнің даму қарқыны көнеден келе жатқан мамандықтардың бірі – мұғалім кәсібін өзгерту қажеттілігін мойындатып отыр. Мойындау және қабылдау – бұл алғашқы қадам, ал екіншісі одан да қиын. Бұл «Қалай өзгерту керек?», «Нені өзгерту керек?» және «Қаншалықты өзгерту мүмкін?» деген сұрақтарды қамтиды.

Егер де мектеп партасындағы балаларды түсіне алсақ, онда жауабын таба аламыз. Зерттеушілердің пікірінше, қазіргі әлемде педагогтер альфа буындағы балалармен жұмыс істейді. Мұндай балалардың басты ерекшелігі – өзін-өзі жетілдіруге қабілетті, ашық, шығармашылық, интеллектуалды дамыған тұлға. Өздері қалаған нәрсені жасайды, оларды бір нәрсеге мәжбүрлеу мүмкін емес. Олар өздеріне қажет білімді ғана алуға ниеттенеді. Қазіргі балалар әлеуметтік қажеттілікке сүйеніп білім алады. Шамасы, мұның да өзіндік заңдылығы бар. Өйткені альфа ұрпағына адамзат алдында бұрын-соңды болмаған мәселелердің шешімін табуға тура келеді. Оларға жүктеліп отырған міндет те жеңіл емес.

Жалпы алғанда, альфа балалар (бүгінде 10 жасқа толған балалар) – бұл технологияландырылған, цифрландырылған, ақпараттық гаджеттерді жетік меңгерген ұрпақ. Бірақ бұл жас ұрпақтың бізбен, аға буынмен ортақ мәдени коды бар. Егер ойланп қарасақ, олардың әлемді тануы көшпелі философиядан бастау алады.

Еуразия орталығын мекендеген көшпелілерге қоршаған ортаны танумен және өз орындарын табу негізінде ойлаудың ерекше тәсілі тән болатын. Басты міндет – қоршаған табиғатпен үйлесімді және оның бір бөлігі болу, оның мүмкіндіктерін өз мақсаты үшін ұтымды пайдалану және табиғат сәйкестігі қағидаты бойынша өмір сүру. Басқаша айтқанда, табиғаттан алып, оны қайтара білу. Осы философия негізінде әлемді түсіну және сақтау идеологиясы құрылды.

Егер тарихқа қысқаша шолу жасасак, онда өткен ғасырдың басында өзіндік ерекшелігінен айыруға, ұлттық сананың жойылуына негізделген идеологияның болғаны айқын. Нәтижесінде, адамдардың бәрине, соның ішінде бала тәрбиесіне тұтынушылық қатынасы пайда бола бастады. Отбасы баланы тәрбиелеу міндетінен босады. Барлығы педагогтің қолына берілді – бөбекжай, балабақша, мектеп, интернат, училище, техникум, ЖОО. Ата-аналардан мемлекет ортақ үйдің өркендеуін талап етті де, ал балалар толығымен жаңа білім мен тәрбие жүйесіне берілді.

Кеңес мектебінің идеологиялық негізі – марксизм-ленинизм және атеизм идеялары. Педагогикалық процесс саясаттандырылып, халықтың мәдени дәстүрлерінде көрініс тапқан алдыңғы тәжірибені жойды. Тоталитарлық мемлекеттің идеологиясы адамды даралығынан айырып, еңбек ұжымын қалыптастыруға негізделді. Ғасырлар бойы көрініс тапқан педагогикалық дәстүр еленбеді, табиғатпен, сыртқы әлеммен байланыс бұзыла бастады.

Алайда осы кезеңнің идеологияландыру үдерістерімен қатар көшпелі далада шындықтың жаңа сын-кәтерлеріне жауап ретінде өзіндік идеология да сақталды. Ұлы Отан соғысы жылдарында көшпелілік рухтың болуы ерекше сезілді. Соғыс ғаламды жоюды көздеген әлемдік дағдарыс ретінде танылды. Осы кезде

әлемді қорғау сезімі пайда бола бастады. Бұл да – идеология. Көшпендінің идеологиясы – өзіне және айналасына үйлесімді әлем құру.

Содан кейін коммунизмнің идеологиялық дағдарысы басталды. Көптеген жыл бойы бөтен нәрсе маңызын жоғалта бастады. Ақыр аяғында дағдарыс көшпенділердің көп ғасырлық идеологиясының жандануына алып келді. Көшпендінің санасында білімі бар, оның үстіне осы білімді беретін адам құрметке лайық және сөзсіз беделге ие болды. Мұғалімге құрметпен қарау, оның миссиясының маңыздылығын мойындау дала философиясының мазмұнына кірді. Бұл – айқын мәдени құбылыс. Осы жайлы ұлы Абай, Ыбырай Алтынсарин, Мағжан Жұмабаев және халқымыздың басқа да ағартушылары жазды. Бірақ мұғалімнің адам өміріндегі орны мен рөлін анықтаумен қатар, қоғам арқашан да оның жеке басына жоғары талаптар қоя білді. «Білімді халықта балаларды педагогикалық ғылымды меңгерген арнайы арнада оқытады. Бұл өте дұрыс, себебі сот заң істерін оқыса, дәрігер медицина ғылымын игереді, ал педагог педагогиканы меңгеруі тиіс», деп Ахмет Байтұрсынұлы жазған.

Сөз жоқ, қазіргі кездегі педагогикалық ЖОО-лар мен колледждер қарқынды білім беру технологияларын құрып, пәндік саладағы педагогика мен психологияны оқытады, болашақ мұғалімдерді бала оқыту мен тәрбие беру ісіне қажет тактикалар мен стратегияларды үйретеді. Бірақ та осының барлығында қоғам мен сананың адамгершілігі мен руханилығын көрсететін құндылықтар басым болуы тиіс. Осы тарапта заманауи университеттер тұлғаны негізге алатын білім беру педагогикалық идеологияны қалыптастыруда қажетті басым мүмкіндіктерге ие.

Әдетте идеология саясатпен, оның саяси формасымен анықталады. Бірақ білім беруде педагогикалық идеологияны қалыптастыру керек. Бұл жерде кез келген идеологияның құндылықтар төңірегінде дамитынын түсіну маңызды. Сонда педагогикалық идеология білім берудегі құндылықтар көзқарасының жиынтығы бола алады. Мысалы, жоғары білім беру саласында педагогикалық идеология – бұл жоғары біліктілік идеологиясы, яғни жоғары академиялық және кәсіби біліктілік құндылығы. Бұлардың болмауы адамның әлеуметтік мәртебесінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Педагогикалық идеологияны қалыптастырудың күрделілігі құндылықтар жүйесін анықтауды талап етеді. Сонымен қатар бұл құндылықтар көбінесе өздігінен қалыптасады және олар белгілі бір қоғамның өмір салтына байланысты болады. Нәтижесінде педагогикалық идеологияның қалыптасуы мақсатты болуы керек. Сондықтан мектептегі білім берудің жаңа мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында (МЖМБС) құндылықтар айқындалғаны заңды болып көрінеді. Бұл елдегі білім беруді стандарттау тарихында алғаш рет болып отырған құбылыс. Стандарттар қазақстандық патриотизм және



азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, еңбек пен шығармашылық, өмір бойы білім алу. Басқа сөзбен айтқанда, мектептің білім беру жүйесінде осы құндылықтардың қолданылуын қамтамасыз ету Қазақстан идеологиясының мәнін құрайды.

Жаңа МЖМБС қабылдау кезінде көптеген сұрақ туындағанын атап өткім келеді: неліктен дәл осы құндылықтар? Олар қазақстандықтардың жас ұрпағы үшін қаншалықты өзекті? Мұғалімдер аталған құндылықтарға қалай сай келеді? Бұл құндылықтар мұғалімнің дара қасиеті екенін қалай анықтауға болады? Ең соңғысы, мұғалімдер осы құндылықтарды күнделікті мектеп өміріне қалай енгізеді?

Көріп отырғаныңыздай, бұл сұрақтардың көпшілігі мұғалімнің жеке басына қатысты болды. Осы сұрақтарға жауап беруде әр педагогтың, педагогикалық ұжымның жүйесі ретінде педагогикалық идеологияны тану болып табылады.

Бүгінгі таңда бұл құндылықтар Қазақстан педагогының кәсіби стандартында айқындалған: білім алушының тұлғасына, оның құқықтары мен бостандықтарына құрмет; басқа нанымдарға, әлем мен әдет-ғұрыптарға деген көзқарасқа төзімділік; мәдени сан алуандылыққа ашықтық; икемділік, бейімделушілік, эмпатияға қабілеттілік; жеке адамның, тіл мен коммуникацияның құндылықтарын түсіну; өзін-өзі оқыту, талдамалық және сыни ойлау дағдылары; коммуникативтік және тілдік дағдылар; ынтымақтастық дағдылары, жанжалдарды шеше білу.

Бүгінгі таңда педагогикалық идеологияның маңызды құрамдас бөлігі – «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Осы заңды қабылдай отырып, біз жауапкершілікті көтеруге және еліміздің білімді халық ретінде қалыптасуына жағдай жасауға дайын екенімізді көрсеттік деп санаймын.

Заңның қабылдануы – Тәуелсіздігі берік мемлекеттің саясатын жүйелі іске асыру және мақсатты жұмыстың нәтижесі. Жалпы алғанда заңды қабылдау туралы алғаш міндеттеміні Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев өзіне алды. Сайланған бағыттың сабақтастығын көрсете отырып, Президент Қ.Тоқаев өзінің сайлауалды бағдарламасына педагог мәртебесін арттыру міндеттерін енгізді. Бүгінгі таңда біз орын алған

фактіні – құқықтар мен міндеттерді, әлеуметтік кепілдіктерді, этикалық мәселелерді, педагогикалық қайта даярлаудан өтудің шарттары мен талаптарын, педагогтердің біліктілік деңгейін айқындау тетіктерін және педагогтің қазіргі қазақстандық қоғамдағы орны мен рөлін стратегиялық тұрғыдан қалыптастыратын басқа да мәселелерді айқындайтын нақты заң қабылдауды тұжырымдай аламыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың педагог мәртебесін бекіту жөніндегі бастамасы мұғалімдерге академиялық еркіндік пен әлеуметтік кепілдіктер берді.

Заң педагог еңбегін лайықты бағалауға кепілдік береді, бұл ретте міндетті шарт – «Білім алушылардың тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің арнамысы мен кадр-қасиетін құрметтеуге; балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-аналарына, үлкендеріне, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге, жоғары имандылыққа, патриотизмге, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға құрмет рухында тәрбиелеу».

«Педагог мәртебесі туралы» заңда маманның біліктілігіне қойылатын талаптар – маңызды тармақ. Демек мұғалімнің балаларды оқыту мен тәрбиелеуді сеніп тапсыруға болатын маманның сапалық талаптарына сәйкестігі оған қоғамдағы ерекше мәртебеге кепілдік береді.

Көріп отырғанымыздай, барлық қабылданған ресми құжат бір-біріне қайшы келмейді, керісінше, мұғалім кәсібінің құндылық мазмұнын күшейтеді.

Мемлекет кепілдік береді, бірақ мұғалім сол кепілдікке сай болуы тиіс. Осыған байланысты Уинстон Черчилльдің әйгілі сөзін келтіргім келеді: «Мектеп мұғалімдері премьер-министрлер армандай алатын күшке ие». Мұғалімге билік берілді, бұл жерде «Қандай мұғалімге билік берілді?» деген сұрақ туындайды.

Бұл жерде колледждер мен жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарына талапкерлерді іріктеу – басты ұстаным. Бұл тұрғыда шет елдердің тәжірибесі ерекше. Педагог мәртебесі жоғары елдерге Қытай, Малайзия, Тайвань, Оңтүстік Корея, Сингапур, Финляндия, Канада, Ұлыбритания кіреді. Бұл елдерде талапкерлер арасында

педагогикалық оқу орындарының танылмалды мұғалім мамандығының беделін анықтайды. Мұның бәрі мұғалімдердің жоғары табыс деңгейімен, қоғамдағы лайықты мәртебесімен бекітілген. Педагогтер жақсы нәтижелер беріп, халық сапалы адами капиталға ие болып, мемлекет әлемдегі өз ұстанымын нығайтып жатыр. Ол қарапайым сызба және барлығы қисынды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда педагогикалық мамандықтарға түсу үшін талаптарды күшейту бойынша маңызды қадамдар жасалды. Егер өткен жылы талапкерлерге педагогикалық мамандықтарға түсу үшін 70 ұпай жинау қажет болса, биыл бұл көрсеткіш жоғарылап, енді ол 75 ұпайға тең.

Мемлекет президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қолдауының арқасында педагогикалық мамандықтардың студенттері үшін шәкіртақы мөлшері ұлғайтылғанын ерекше атап өткім келеді.

Нәтижесінде, үміткерлердің сапалық құрамы өзгерді. Педагогикалық жоғары оқу орындары Үкімет тарапынан айтарлықтай қолдау алады, лайықты әлеуметтік мәртебесі бар, мемлекет тарапынан жоғары табыс деңгейімен нығайтылған кәсіптің түбегейлі жаңа форматы құрылды. Жастар бұл мамандықты өздері үшін болашағы бар деп санайды. Біздің міндетіміз – жастардың үмітін үзеу, оларға салауатты бәсекелестік ортада жұмыс істеуге мүмкіндік беретін оқытудың жаңа форматтарын құру.

Соңғы жылдары Білім және ғылым министрлігі Президенттің бірқатар негізгі тапсырмаларын орындағанын атап кету керек. Түбегейлі жаңа идеялар жүзеге асырылып, ауқымды өзгерістер жүргізілуде. Олар білім беру сапасын арттыру үшін қажет. Сонымен қатар жаһандандудың негізгі тұлғасы – жаңа ойлау мен дүниетанымға ие оқушыға сай келетін мұғалім.

Сондықтан педагогикалық идеологияның негізіне болашақ мұғалімдерді озық даярлау идеясы алынуы тиіс. Қазіргі мұғалімнің міндеті – қарқынды өзгеріп жатқан әлемде оқушының тәлімгері болу, оны бағыттай білу, маңызды құндылықтарды қалыптастыру және қолдау, оның жеке басы қалыптасуының барлық кезеңдерінде өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік беру. Бүгінгі таңда кәсіби мұғалімнің негізгі императиві тек өз өмірін аясында шектелмей, Мета-пән деңгейіне жету болып табылады.

Бұл жағдайда педагогикалық колледждер мен жоғары оқу орындарының міндеті мен оқыту траекториясын құруда және қосымша құзыреттерді игеруде жаңа тәсілдерді пайдалана отырып, өткен, бүгін және болашақ үрдістерінің тарихи сабақтастығын ескере отырып, білім беру процесін құру деп білемін. Яғни бүкіл үрдіс қабылданған құндылықтарға негізделуі керек. Сонда ғана жаңа қазақстандық қоғам құрудың стратегиялық бағдарын көрсететін, халықтық педагогиканың көп ғасырлық мәдениеті мен дәстүрлерін бейнелейтін түйінді тұжырымдамалардан тұратын жаңа педагогикалық идеология іске асырылады. Біздің алдымызда жинақталған тәжірибені сақтай және дамыта отырып, алға жылжу міндеті тұр.

Жанбол ЖИЛБАЕВ,
Павлодар педагогикалық университетінің басқарма төрағасы – ректор